

Жолшаева М.С.,  
Ашимбаева Ә.Қ.

**Тыныс белгі – дұрыс жазу,  
дұрыс оқу және дұрыс  
түсіну құралы (қазақ және  
қытай тілі тыныс белгілеріне  
салғастырмалы талдау)**

Zholshaeva M.S.,  
Ashimbaeva A.K.

**Punctuation marks as  
a mean of correct writing,  
reading and understanding.  
(Comparative analysis of  
punctuation in Kazakh and  
Chinese languages)**

Жолшаева М.С.,  
Ашимбаева А.К.

**Знаки препинания – средства  
правильного писания, чтения  
и понимания (сопоставительный  
анализ знаков препинания  
казахского и китайского языков)**

Тыныс белгілер кез келген тілде, ауызша немесе жазбаша формаға қарамастан құрылымы ерекше болып келеді. Бұл мақалада қытай және қазақ тілдеріндегі тыныс белгілерін салыстырмалы зерттеу сипатталады. Қытай және қазақ тілдеріндегі тыныс белгілерін салыстырмалы зерттеу тілді оқу процесін, әрі тіл құрылымы ерекшеліктерін үйренуді жеңілдетеді.

**Түйін сөздер:** тыныс белгілер, интонация, дыбыстық тон.

---

No matter what form of speech it is (oral or written) the role of punctuation in any language is important as it is aimed at transforming the meaning of a text. The given article deals with the comparative analysis of punctuation of the Chinese and Kazakh languages. Comparative analysis of punctuation of the Chinese and Kazakh languages will make the process of language acquisition easier and learn features of structure of language.

**Key words:** тыныс белгілер, интонация, дыбыстық тон.

---

В каком бы языке не были знаки пунктуации и в какой бы форме (устной или письменной речи) они не существовали, их функция является особенной. В данной статье рассматривается сопоставительное исследование знаков пунктуации китайского и казахского языков. Сопоставительное исследование пунктуации китайского и казахского языков помогут в дальнейшем облегчить процесс изучения этих языков, также освоить особенности строя языка.

**Ключевые слова:** знаки пунктуации, интонация, звуковой тон.

Сулейман Демирель атындағы университеті,  
Қазақстан Республикасы, Қаскелең қ.  
Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
\*E-mail: meili8787@mail.ru

---

**ТЫНЫС БЕЛГІ –  
ДҰРЫС ЖАЗУ, ДҰРЫС  
ОҚУ ЖӘНЕ ДҰРЫС  
ТҮСІНУ ҚҰРАЛЫ  
(Қазақ және  
қытай тілі  
тыныс белгілеріне  
салғастырмалы талдау)**

Тіл қарым-қатынас құралы ретінде екі түрлі сипатта көріне алады: жазба тілде және ауызша сөйлеу тілінде. Тілдік қатысымның ауызша түрінде вербальді құрылымдардан маңыздылығы кем түспейтін және тілдік қатысымды жандандыра түсетін, оның мазмұнын толықтыруда әрі нақтылауда ерекше рөлге ие факторлардың қатарына сөйлеу интонациясы мен бейвербальді амалдарды жатқызуға болады. Маңызды болатын себебі, мәселен, интонацияның тілдік қатысым барысында бірнеше қызметті атқаратындығында: интонация – сөйлем мен мәтін бөліктерін бір-бірінен ажыратушы; сонымен қатар, керісінше осы сөйлем мен мәтін бөліктерін, сөйлем мен сөйлемді байланыстырушы, ұластырушы; интонация – белгілі бір мақсатты көздеуде семантикалық акцент жасаудың немесе сөйлемдегі ойды актуалдаудың бір тәсілі; интонация – сөйлеуде эмоцияны беру амалы және т.б. осындай толып жатқан қызметтерді атқарады.

Интонацияның құрамдас бөліктері болып табылатын кідіріс, дауыс қарқын, әуеннің жоғары/төмендігі сияқты түрлері жазба тілде тыныс белгілер арқылы белгіленеді. Басқаша айтқанда, интонацияның жазба тілдегі көрінісін – шартты белгілер, нақтырақ тыныс белгілер атқарады. Адам ауызша сөйлеу барысында кідіріс, эмоция және экспрессияның барлығын дауыс ырғағы арқылы беретін болса, жазба тілде оны бізге көрсетіп отыратын осы шартты тыныс белгілері. Сол себепті тілдегі тыныс белгілерінің түрлері мен оның қолданылатын тұстарын, атқаратын қызметін білудің маңызы өте зор. Жазба мәтіндердегі тыныс белгілердің дұрыс қойылуы және оны дұрыс танып, «оқи, түсіне білу» ондағы мазмұнды дұрыс әрі толық түсінуге жол ашады. Мақалада табиғатында интонация өте үлкен рөл атқаратын қытай тілі мен қазақ тіліндегі тыныс белгілердің салғастырмалы сипаттамасы қарастырылды.

Қытай тіліне деген қызығушылық пен қытай тілін білетін маманға деген сұраныс бүгінгі күні артып отыр. Қытай мен Қазақстан арасындағы саяси, экономикалық және мәдени байланыстардың күннен күнге артып келе жатқанда еңбек нарығында қытай тілін меңгерген маманға деген сұранысты қанағаттандырумен байланысты түсіндіріледі. Қазір жоғары оқу орындарының шығыстану факультеттері және екі шет тілі білім бағдарламасы бойынша білім беретін оқу орындарында

қытай тілі негізгі маманданатын тілі ретінде және екінші шетел тілі ретінде алынып жүр.

Қытай тілі – дыбыстық тонға негізделген тіл, сондықтан да бұл тілде интонацияның маңызы өте жоғары, ал интонацияның жазба тілдегі көрінісі – тыныс белгілері. Тыныс белгілері айтайын деген ойды нақтылы, дәл етіп жеткізуге қызмет етеді. Сөйтіп, айтылатын ойды айқын білдіру үшін тыныс белгілердің атқаратын қызметі орасан болып келеді және бұл тыныс белгілерге тән негізгі қызмет болып табылады. Сондай-ақ, тыныс белгілері баспасөз бетіндегі және көркем шығарма мәтіндеріне стилистикалық бояу беріп, адресаттың осы мәтінді дұрыс қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге қызмет етеді. Кейде жазба тілде сөзбен ашық айтылған ойдың астарында келетін жасырын ойды имплицитті түрде жеткізетін қызметті де осы шартты белгілер, тыныс белгілері атқарады.

Тілдерді салғастыра зерттеу арқылы әр тілдегі тілдік құбылыс туралы толыққанды мағлұмат алуға, сол тілдік құбылыстың табиғатын тереңірек тануға мүмкіндік туады. Сонымен қатар, екі туыс емес тілдегі тілдік заңдылықтарды, тілдік ерекшеліктерді қатар алып қарастыру арқылы кейде бір тілді жеке алып зерттеу барысында көзге көріне бермейтін өзгешеліктерді табуға көмектеседі. Мұндай туыс емес тілдерде ұшырасатын ерекшеліктердің ашылуы біріншіден, практикалық тұрғыдан тіл үйрету мен тілді үйрену барысында үлкен көмек болады; екіншіден, өзара тілдік қатысым кезінде ақпарат алмасуды сауатты жүргізуге, дұрыс түсінуге ықпал етеді; үшіншіден, аударма үдерісінде де үлкен маңызға ие болып келеді.

Тілтанымда қытай мен қазақ тілдерінің лексика-грамматикалық ерекшеліктерін салғастырмалы аспектіден қарастырған еңбектер саны көп емес. Мысалы, лексика-фразеология мәселелеріне қатысты П.Дәулетова, ал салғастырмалы грамматика жағы Т.Қалибекұлы, Ж.Тұрсынәліқызы, Р.Желдібаева, А.Сулейменова зерттеулерінде қамтылған. Ал қытай тіліндегі тыныс белгілері жайлы қазақ тілінде жарық көрген Т.Қалибекұлының еңбектері бар, алайда екі тіл деректерін салғастыра қарастырған жұмысты байқай алмадық.

Адамдар айтайын деген ойын бір-біріне ауызша да, жазба түрде де жеткізе алады, орфография немесе емле дұрыс жазу қағидаларын белгілейді. Ал дұрыс жазу нормаларының негізгі көздейтін мақсаты – айтылмақ ойды жазба түрде дәл, айқын жеткізіп беру. Әдетте, жазу жалпыға ортақ болғандықтан оның ережелері де

көпшілікке бірдей болып, қалың жұртшылықтың пайдалануына арналады. Сондықтан емле ережелері әрі ортақ, әрі тұрақты болуы керек [1, 3 б.]. Интонацияның немесе оның жазба тілдегі көрінісі тыныс белгілерінің атқаратын қызметі тікелей синтаксиспен байланысты болады. Синтаксис мәселелері айтылғанда интонацияның қатар жүретіні де осымен түсіндіріледі. Сөйлемнің немесе бүтіндей мәтіннің тыныс белгілерін дұрыс қою үшін сөйлемнің негізгі синтаксистік ерекшелігі болып саналатын үш белгіге сүйену қажет: мағына, құрылым, интонация.

Тілде тыныс белгілері әмбебап сипатқа ие болып келеді деп санауға болады. Алайда мұны қатаң ереже деп қабылдауға болмайды. Олай дейтін себебіміз түрлі тілдердегі тыныс белгілері таңбалық тұрпаты жағынан бірдей болғанымен, олардың қолданысында әрқайсының өзіне ғана тән қызметтерінің болуы әбден мүмкін. Мұндай ерекшеліктерді қытай және қазақ тілдеріндегі тыныс белгілерін салғастырып қарастыру барысында көз жеткізуге болады. Жалпы алғанда тыныс белгілері барлық тілде атқаратын қызметі жағынан ұқсас болып келеді. Дегенмен әр тілдің өзіндік табиғи ерекшеліктеріне сай өзіндік тыныс белгілері және олардың тілде белгілі бір бейімделген қызметтері болады. Мәселен, қытай тілінде үтірше (үтірден бөлек), аралық белгі, дәріптеу белгісі, арнаулы атаулар белгісі сияқты тағы да басқа тыныс белгілері бар. Тыныс белгілерінің жеке дара тұрғанда мәні жоқ, олар өзінің қызметін мәтінмен, сөйлеммен байланыста келіп, солармен бірлікте ғана атқара алады.

Қазақ тілі материалдары бойынша алып қарар болсақ, академик Р.Сыздықтың «Қазақ тілінің анықтағышы» атты еңбегінде төменде көрсетілген тыныс белгілерінің түрлері берілген: *нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте, үтір, нүктелі үтір, сызықша, тырнақша, жақша, қос нүкте* [1, 107-117 бб.].

Қытай тілінде өткен ғасырдың ортасында, нақтырақ айтқанда, 1951 жылы қыркүйек айында ҚХР Халық үкіметі Баспасөз бас басқармасы тарапынан бекітілген «Тыныс белгілердің қолданылу ережелерінде» осы тілдегі тыныс белгісінің он төрт түрі көрсетіліп, олардың қолданылу ерекшеліктері сипатталған. Кейін бұл ҚХР Мемлекеттік тіл-жазу комитетінің Ақпарат және баспасөз басқармасы бұрынғы «Тыныс белгілердің қолданылу ережелерін» өңдеп және толықтырып, бұрынғы он төрт түрінің орнына он алты түрлі тыныс белгіні ұсынады [2, 5 б.]. Тыныс белгілерінің жіктелімін жасауда олардың атқаратын қызметі мен сөйлемдегі қойылатын орны негізге

алынады. Жоғарыда қазақ тіліндегі көрсетілген он түрлі тыныс белгі қытай тілінде де кездеседі және солардың үстіне тағы қосымша алты түрлі қытай тілінің өзіне ғана тән тыныс белгілері ретінде мыналар аталады: *үтірше, аралық белгісі, дәріптеу белгісі, арнаулы атаулар белгісі, кітап аттары белгісі, байланыстыру белгісі*. Бұлардың қатарына кейін қосылған тыныс белгілер мыналар болып табылады: *аралық белгі; байланыстыру белгісі*.

Қытай тіліндегі тыныс белгілерін ажыратуда екі түрлі шарт негізге алынады. Бұл тыныс белгілерінің атқаратын қызметтеріне сай айқындалған шарт болып табылады. Олардың бірінші тобын кідіріске, яғни интонацияға байланысты қойылатын тыныс белгілері құраса, екінші тобына жататын тыныс белгілерінің қызметі сөз мағынасын айқындау болып табылады. Бұлардың қай-қайсысы да қытай тілі үшін маңызды. Өйткені қытай тілі – тонға негізделген тіл. Кейбір тыныс белгісі екі бірдей қызметті де атқара береді: сөз мағынасын ажыратушы қызмет және кідірісті білдіру қызметі. Мұндай тыныс белгілеріне мыналар жатады: *сызықша, көп нүкте, аралық белгі*.

Сонымен қатар, қытай тіліндегі тыныс белгілері қолданылатын орнына қарай да екіге ажыратылып қаралады: сөйлем соңына, ойдың аяқталғандығын білдіру үшін қойылатын тыныс белгілері және сөйлем ішінде ғана қолданысқа ие тыныс белгілері. Енді осы тыныс белгілеріне жеке дара тоқталып, сипаттама береміз.

Қытай тілінде *сөйлеу барысында интонацияны, кідірісті білдіру* үшін қойылатын тыныс белгілер *нүкте, леп белгісі, сұрау белгісі* және бұл тыныс белгілері сөйлемнің соңына қойылады. Олардың графикалық жақтан таңбалануы мынандай: *нүкте • леп белгісі ! сұрау белгісі ?*

Сөйлемнің ішінде келетін тыныс белгілерге мыналар жатады: *үтір , үтірше \ үтір нүкте ; қос нүкте :*

Қытай тілінде *сөздердің мағынасын анықтайтын тыныс белгілерге* мыналар жатады: *тырнақша “ ” . Жақша ( ) . Сызықша – . Көп нүкте ..... Дәріптеу белгісі . Байланыстыру белгісі — , ~ . Кітап аттары белгісі < > « » . Арнаулы атаулар белгісі \_ \_ .*

Біз мақалада осы аталған тыныс белгілердің ішіндегі екі тілде бар тек біреуіне ғана, *нүкте, сұрау белгісіне* және қытай тіліне ғана тән тыныс белгілердің түріне *дәріптеу белгісіне* тоқталамыз, бұл тыныс белгілердің қазақ және қытай тілдерінде атқаратын қызметіне сипаттама жасаймыз.

Қазақ және қытай тілдеріндегі *нүктенің* атқаратын ортақ қызметі мен қойылатын тұстары:

Нүкте хабарлы сөйлемнің соңына қойылады. Мысалы: *Демалыс күні біз Медеуге барамыз.*

Тілек және бұйрық мағыналы сөйлем екпінсіз айтылған жағдайда сөйлем соңына нүкте қойылады. Мысалы: *Жиналайық, Айжан бәріне хабарласын.*

Бұл екі тілдегі бірдей қызметтерімен қатар, қазақ тілінде нүктенің басқа жағдайларда да қойылатын тұстарын академик Р.Сыздық былайша көрсетеді: нүкте әрі қарай кең түрде баяндауды қажет ететін сөйлемнен кейін қойылады; қыстырма сөйлемді алу үшін ашылған жақшаның алдындағы сөйлем аяқталып, оған тиісті тыныс белгілерінің бірі қойылған болса, қыстырма сөйлемнен кейін жақшаның ішінен нүкте қойылады; драмалық шығармаларды әр сөйлеушінің атынан кейін нүкте қойылады және т.б. Осындай автор тағы нүкте қойылатын бірнеше жағдайларды санамалап беріп, нақты мысалдармен көрсетеді [1, 107-109 бб.].

Сұрау белгісі – сөйлемнің соңынан қойылатын тыныс белгісі, шартты таңбасы ? түрінде болып келеді.

*Сұрау белгісінің басты қызметі* қытай және қазақ тілдерінде ұқсас болып келеді, біріншіден, сөйлемнің аяқталғандығын білдіру; екіншіден, осы бірінші жағдайдан келіп шығады, сөйлем қалай аяқталды деген сұраудың жауабын беру, сұрау мақсатында айтылған сөйлемнің соңынан қойылады. Әдетте, қазақ тілінде сұрау белгісі сұраулық шылаулар *ма, ме, ба, бе, па, пе* қатысқан және сұрау есімдіктері *кім, қашан, қайда, қалай, неге, немен, қанша, қалай, не істеді, не себепті, не мақсатпен* және тағы да басқа сөзден кейін қойылады. Бұл аталған қазақ тіліндегі сұраулы сөйлем жасайтын тілдік бірліктерден болған сұраулы сөйлемдер құрылымдық жақтан түрлі болуы мүмкін: жай сөйлем түрінде де, құрмалас сөйлем түрінде де келе береді. Мысалы: *Ісіміздің қисық екенін біле тұра байбалам салып, не бетімізбен ұлыққа шабамыз? (Қ.Жұмаділов); Бұ жанжал неден шықты? (С.Елубаев).*

Қазақ тілінде сұрау белгісі сонымен қатар, сөйлемдегі бірыңғай жеке сөздер мен сөз тіркестерін ерекше сұрау интонациясымен баса айтатын болса, олардың әрқайсысынан кейін сұрау белгісі қойылады. Мысалы: *Жел ме? Аттың жал-құйрығы ма? Жылан ба? Әйтеуір бірдемелер айнала ысылдайды (С.Мұқанов).* Осы сөйлемдегі бірыңғай мүшелерден кейін сұрау белгісінің қойылу себебі – әр бөліктің ерек-



ше интонациямен айтылуы. Ал интонациядағы сұраулы саз жазба тілде сұрау белгісі арқылы көрінген.

Қытай тілінде де сұрау белгісі қазақ тіліндегі сияқты сұраулы сөйлемнің соңынан қойылатын тыныс белгі болып табылады. Мысалы:

你叫什么名字? (Ni jiao sheme mingzi? ) - Се-нің атың кім? 他去哪里? (taqunali)

Ол қайда барады? 为什么没有人通知我? (Weishme meiyouren tongzhi wo?) Неге бір адам маған хабарламады?

Қытай тіліндегі сұраулы сөйлемдер мен олардың соңына қойылатын сұрау белгісіне қатысты мынадай ерекшеліктерді айтып өтуге болады:

құрамында «谁», «什么», «怎么» сұраулық сөздері бар сөйлемдер барлық жағдайда сұраулы сөйлем бола бермейді. Сол себепті олардың соңына сұрау белгісі үнемі қойылмайды. Мысалы: 我也不知道该谁去。 (Woyebuzhidaogaisheiqu) Мен де білмеймін, кім бару керек екендігін. 我知道他姓什么。 (Wo zhidao ta xing sheme) – Мен оның фамилиясын білемін. 怎么能让他做这事。 (Zeme neng rang ta zo zheshi) – Қалай оған бұл істі тапсыруға болады;

альтернативті сұрақты білдіретін сұраулы сөйлем, оның ішінде талғаулы сұраулы сөйлем бөліктерінің арасына үтір қойылады да, сұрау белгісі тұтас сөйлем аяқталған соң, соның соңынан қойылады. Мысалы: 今天开会呢, 还是明天开会呢? (Jintian kaihui ne, haishi mingtian kaihui ne?) Бүгін жиналыс жасаймыз ба, жоқ ертең жиналыс жасаймыз ба?

他是忘了, 还是故意不来? (Ta shi wang le, haishi guyi bu lai?) Ол ұмытып кетті ме, әлде әдейі келмеді ме?

Сұраулы сөйлемнің сұрау есімдігі арқылы жасалған түрінде оның құрамында сұраулық демеулік болса да, болмаса да сұрау белгісі қойылады. Яғни бүтін тұтастай сөйлем алынып, оның құрамдас бөліктері болып саналатын бөліктерінің қаншасы сұраулы сөйлем болса,

олардың әрқайсысына сұрау белгісі қойылып отырады. Мысалы: 除了他能去, 谁还能去呢? 你吗? 你能去吗? 我看你不能去? Chule ta nen gqu, shei hai neng qu? ni ma? Ninengquma? Wo kan ni buneng qu?

Қытай тіліне тән ерекше тыныс белгінің бірі *дәріптеу белгісіне* тоқталайық. Оның жазба тілдегі шартты таңбалануы мына жақша ішіндегідей болып келеді ( . ). Қытай тіліндегі дәріптеу белгісінің қызметі оқушы ерекше назар аударуға тиісті иероглиф, сөз, сөйлемдердің астына қойылады: 事业是干出来的, 不是吹出来的。 – Shiye shi gan chu lai de, bushi chui chulai de. 原来, 这只是一道面试题。 Yuanlai, zhe zhi shi yi dao mianshi ti. Сонымен, қытай тіліндегі дәріптеу белгісінің баламасы болып табылатын шартты таңбалар қазақ тілінде де бар. Бірақ бұл қытай тіліндегі сияқты тұрақты, қабылданған арнайы бір тыныс белгінің бір түрі емес, біршама еркін түрдегі автордың қалауымен айқындалатын шартты таңба ретінде көрініс тапқан. Бұл қытай тілі тыныс белгілеріне қатысты еңбектерде көрсетілген оқушы ерекше назар аударуға тиісті иероглиф, сөз, сөйлемдердің астына қойылатын дәріптеу белгісінің атқаратын қызметі қазақ тілінде қалай көрінеді? деген сауал жауап беріп көрейік. Қазақ тілінде мәтін ішінде ерекше назар аударуды қажет ететін сөздер мен сөз тіркестерінің немесе сөйлемдердің арнайы түрде бөліп көрсетілуі, яғни оларды курсивпен беру, астын сызып көрсету, қара қою бояумен беру сияқты шартты түрде көрсетілетін ерекшелеп беруге сәйкес келеді.

Сонымен, қорыта айтқанда, қытай тіліндегі тыныс белгілер мен қазақ тілінің тыныс белгілері қызметі мен қолданысы жағынан ұқсас та, бөлек болып келетін жайттары бар құбылыс болып табылады. Қытай тілінің тыныс белгілері қызметіне қарай үш топқа жіктеледі: кідіріспен интонацияны көрсету қызметі, сөз, сөйлем мағынасын ажырату қызметі, сонымен қатар, осы екі қызметті бірдей атқаратын тыныс белгілері.

#### Әдебиеттер

- 1 Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (*емле, тыныс белгілері, сөз сазы*). – Астана: Елорда, 2000. – 532 б.
- 2 Қалибекұлы Т. Қытай тілінің тыныс белгілері. – Алматы, 2006. – 60 б.
- 3 Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Алматы, 1963, 1978, 1982 ж.ж.
- 4 Оралбаева Н.О. Қазақ графикасы мен орфографиясының негіздері. – Алматы, 1968.
- 5 Дүйсебаев М. Қазақ әдеби тілі орфографиясының кейбір мәселелері. – Алматы, 1973.
- 6 Валгина Н.С. Актуальные проблемы современной русской пунктуации. – М.: Высшая школа, 2004. – 264 б.
- 7 Горелов В.И. Грамматика китайского языка. – М.: Просвещение, 1982. – Изд. 2-е. – 280 б.

8 Ярица Л.И. Функционирование знаков препинания в некодифицированных текстах на неродном (русском) языке иностранных студентов // Китайские, вьетнамские, монгольские образовательные мигранты в академической среде: коллективная монография / под науч. ред. Е.Ю. Кошелевой. – Томск: Изд-во Томского политехнического университета, 2013. – 420 с. – С. 308-329.

#### References

- 1 Syzdyk R. Kazak tilindegy anyktagysgy (emle, tynys belgylery, soz sazy). – Astana: Elorda, 2000. – 532 b.
- 2 Kalybekuly T. Kitay tilinin ninis belgylery. – Алматы, 2006. – 60 b.
- 3 Kazak tilinin orfografyalyk sozdygy. – Алматы, 1963,1978, 1982 zh.zh.
- 4 Oralbaeva N.O Kazak grafikasy men orfografyasynin negyzdery. – Алматы,1968.
- 5 Duysenbaev M. Kazak adeby tili orfografyasynyn keybir maselelery. – Алматы, 1973
- 6 Valgyna N.S. Aktualnye problem sovremennoy russkoy punktuacyy. – М.: Vyshaya shkola, 2004. – 264 b
- 7 Gorelov V.I grammatyka kytayskogo yazyka. – М.: Prosveshenye, 1982. izd. 2-e. – 280 b
- 8 Yarcyna L.I. Funkcyonyrovanye znakov prepynanye v nekodyfycirovannyh tekstah na neradnom (russkom) yazyke inostrannyh studentov // Kytayskiye, vetnamskiye, mongolskiye obrazovatelnye mygranty v akademicheskoy srede: kollektivnaya monografya / Pod nauch.red. E.U. Koshelevoy. – Tomsk: Izd-vo Tomskogo polytehnycheskogo unyversyteta, 2013. – 420 s. – S. 308-329.